

**Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы**

Бұйрық

Ақтөбе қ.

№3

04.01.2023ж

**«2023 жылға МКҚК №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы
Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру туралы»**

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9 тармағына сәйкес және «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы негізінде бұйырамын:

1. МКҚК №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасында қамқоршылық кеңестің жұмысы ұйымдастырылсын және оны сайлау тәртібі үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілсін.
2. Қамқоршылық кеңес №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасының әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және немесе заңды тұлғалармен өзара әрекет жасалсын.
3. Қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру тәртібі жоғарыда аталған қағидаларына сәйкес жүргізілсін.
4. №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасының жанынан құрылған Қамқоршылық кеңес отырысына осы білім беру ұйымының басшысы немесе оның орынбасары қатыссын.
5. №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасының қызметкерлері Қамқоршылық кеңестің құзыретіне жататын мәселер бойынша ақпаратты ұсынуға ықпал етсін.
6. Мектепке дейінгі ұйым жыл сайын қаржылық жылдың қорытындысы бойынша сол білім беру ұйымының интернет-ресурсында тиісті есепті орналастыру арқылы қайырымдылық көмек қаражатын пайдалануы және қозғалысы туралы жұртышылықты хабардар етсін.
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жұмыстарын өзіме қалдырамын.

№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі:



Уркимбаева А.Ж.